

12 Тарау. ТӘУЕКЕЛДІ САҚТАНДЫРУ

12.1 Тәуекелдерді сақтандыру

Тәуекелді төмендетудің негізгі жолы оны сақтандыру болып табылады. Мүмкін қатерлерді сақтандыру сәтсіз шешімдерден сенімді қорғаныс болып қана қоймай, шешім қабылдаушы жауапты тұлғаларды шешім қабылдауға анағұрлым байсалды қарап, сақтандыру шарттарына сәйкес қорғаныс іс-әрекеттерін жүргізуге және жауапкершілігінің арттыруына алып келеді. Шынында, сақтандыру механизмін жаңа өнім шығаруда немесе жаңа технологияда қолдану қиын, себебі, сақтандыру компаниялары осындай жағдайдағы есептеулерді жүргізу үшін ақпарат мөлшері жеткіліксіздігінен жүргізе алмайды.

Көбінесе, сақтандыру тәуекелдері болып келесілерді сақтандыруды қамтиды:

Құрылыс-монтаждық, іске қосу, реттеу және кепіл міндеттемесін;
Меншікті;

Құрал-жабдықты сынудан;

Азаматтық жауапкершіліктен;

Жұмысшылар өмірі мен денсаулығын.

Қазақстандық сақтандыру компаниялары дәстүрлі түрде айтылғандың барлығын сақтандырады. Қазақстандық сақтандыру нарығында түбегейлі жаңа сақтандыру объектілері болып келесілер табылады:

Өндірістегі үзілістерді сақтандыру;

Шарттық міндеттемелерді орындамауды сақтандыру.

Өндірістегі үзілістерді сақтандыру

Кәсіпорынға тәуелсіз себептермен болатын өндірісте үзілістер болуынан сақтандыру мүмкіндігін береді. Сақтандыру шартына байланысты сақтандыру компаниясы өндіріс тоқтауындағы пайда болған шығынды толық жабуы мүмкін немесе айналымның аздап азаюына байланысты да төлемдер төленуі мүмкін.

Амалсыз үзіліс негізіндегі залалды жабу, меншіктік сақтандыру түрі сияқты басқа сақтандырулармен қатар жүргізіледі.

Сақтандыру келісім-шарты келесі жағдайлар салдарынан үзіліс болса, өтемақы төлейді: өрт, назағай, жарылыс, үшінші жақтың заңсыз әрекеті, апаттық жағдай (оның ішіне мемлекеттегі саяси жағдайдың өзгеруі немесе әскери іс-әрекеттер әсері жатпайды).

Болашақта сақтандыру компаниясымен келіспеушіліктердің боламауы үшін өндірістегі үзілістерді сақтандыру келісім-шартта нығын баптары тізімін және оларды анықтау алгоритмін белгілеу керек.

Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру компаниясы өтеуге міндетті:

А) алынбаған пайда (пайданың көлемі пайданың алдыңғы жылдан алынған тұрып қалған кезеңі бойынша анықталады; егер алдыңғы жылда компанияда пайда болмаса, алынбаған пайда сақтандыру келісімшарты бойынша төленбейді);

Б) қызметте үзіліс болмау үшін кеткен шығын

В) тұрақты шығын, өндіріс көлемінен тәуелсіз (көрсетілген қызмет саны), соның ішінде: Қызметкерлердің жалақысына және әлеуметтік төлемдерге кеткен шығын (келісілген төленетін еңбекақы көрсетілген қызметкерлер);

Тұрғын емес үй-жайды жалдаған үшін төленетін төлем;

Сақтандыру жағдайы болмағанша дейін кредит бойынша пайыздар;

Салықтар мен төлемдер, сақтандырылған қызметтен шыққан нәтижеден тәуелсіз (меншік салығы, жер салығы, тіркеу алымдары және т.б.);

Сақтандыру компаниясының жауапкершілігінің шегі (максималды көлемде төленетін сомма) залал және жоғалтқан табыс арқылы анықталады, бухгалтерлік есептер арқылы қызметті тоқтатқанша дейін есептелген максималды мерзім, эксперттық жолмен анықталады.

Келісімшарт толтырған кезде белгіленген күнмен немесе пайызбен көрсетілген максималды төленетін соммасы анықталған франшиза көлеміне мән беру керек. Сақтандыру келісімшарты бойынша франшиза көлемі өндіріс қызметіндегі үзілістен 3-10 күн.

Сақтандыру тарифі сақтандыру компанияға тәуелді анықталады:

Халық шаруашылығы саласына жататын ұйым арқылы;

Өндірісті тоқтатуының максималды мерзімі арқылы;

Белгіленген франшиза көлемі арқылы.

Сақтандыру тарифінің көлемі сақтандыру соммасынан 0,6 – 5%.

Сақтандыру тәуекелі – келісімшартта көрсетілген міндеттемелердің орындалмауы. Ең талап ететін сақтандыру тәуекелі орындалмаған міндеттемелердің ішінде коммерциялық кредит және лизингтік операцияларды сақтандыру.

Коммерциялық кредиттерді сақтандыру

Коммерциялық кредиттерде сақтандыру келісімшартының объектісі болып ұйымның дебиторларының қарыздарын толық немесе жартылай өтемеуін камтитын меншіктік қызығушылықтары ескеріледі.

Сақтандыру компаниясы келесі жағдайларды өгемақы төлейді:

Сотта дебитордың банкрот болып жариялануы;

Форс-мажорлық жағдайлар (оның ішіне мемлекеттегі саяси жағдайдың өзгеруі немесе әскери іс-әрекеттер әсері жатпайды);

Сақтандыру келісім-шартында көрсетілген төлемді кешіктіру, ол қызмет сипатына байланысты 60 күннен 360 күнге дейін созылуы мүмкін.

Сонымен қатар, өндірістегі апат жағдайында, қажетті тауар, ақша қаражат болмау жағдайында, шартты міндеттерді орындамау жағдайында болған зиян өтемақы төлеуге жатпайды.

Форс-мажорлық жағдайда өзінің сақтандыру міндеттерін атқармаған сақтандыру компаниясы сақтандыру соммасын әдетте 30 күн ішінде төлейді. Егер міндеттемені орындамау контрагент банкрот болуына байланысты орын алса, онда сақтандыру компаниясы сот қарызгерді банкрот деп танығаннан кейін сақтандыру өтемақысын төлейді.

Негізінде, коммерциялық (тауарлық) несиелерді сақтандырғанда жалпы сақтандыру келісім-шарты қолданылады. Осындай келісім-шартқа отырған кәсіпорын төлемқабілеттілігіне әсер ететін барлық сатып алушылары туралы сақтандыру компаниясына ақпарат беріп отырады. Сақтандыру тәуекелі деңгейін және ол бойынша өтемақы мөлшерін анықтау үшін сақтандыру компаниясы кәсіпорыннан бухгалтерлік есептілікті, келісім-шарттарды, несие қабілеттілігін дәлелдейтін құжаттарды және басқа да талап етуі мүмкін.

Тапсырылған құжаттарды зерттеу нәтижесінде коммерциялық несиесі сақтандырылатын кәсіпорындар тізімі жасалынады. Әр контрагенттігі максималды сақтандыру сомасы белгіленеді. Тариф келісім-шартта көрсетілген сақтандыру сомасының 1-2,5%-ы болып табылады және келесілерді ескере отырып саналады:

Ай ішіндегі келісім-шарттар мөлшері;

Келісім-шарттар орташа сомасы;

Контрагенттермен тұрақты келісім-шарттар болуы;

Шығынның болуы.

Мәмілеге қол қойылған кезеңде компания алдында дебиторлық қарыздары бар контрагенттермен жасалған мәмілелер сақтандырылмайды. Дегенмен, аталған дебиторларды дебиторлық қарызды өтгеннен кейін сақтандырушылық қамсыздандыруға кіргізуге болады. Жаңа контрагенттің пайда болуы немесе мәміленің маңызды шарттарының өзгеруі кезінде компания сақтандыру шарттарын өзгерту құқығына ие: тарифті төмендету не көтеру, сонымен қатар егер төлем қабілеттілігі күмәнді болса контрагентті сақтандырудан бас тарту.

Сақтандыру жағдайы орын алған кезде тәуекелдерін сақтандырған кәсіпорынға төленетін залал мен өтемақы көлемі келесілерден тұрады:

- Шығындалған тауар немесе орындалмаған міндеттеме көлеміндегі залал сомасы;

- Жоғалтылған пайда немесе табыс;

- Залал көлемін анықтауға кеткен қосымша шығыстар, сот шығындары, т.б.

Жасалған сақтандыру мәмілесінің мерзімі міндеттемелерді туғызған мәміленің мерзіміне тең.

Бүгінгі таңда сақтандырушылық қызмет көрсету гарығында тек лизингке берілетін мүлікті ғана емес, сонымен қатар лизинг операциясымен байланысты пайда болатын қаржылық тәуекелді да сақтандыруға мүмкіндік береді: лизингтік компанияның пайдасын есептемей белгіленген мерзімде лизингтік төлемдерді толықтай немесе жартылай өтелмеуі. Айта кететін жайт, сақтандыру мәмілесі бойынша валюта бағамының өзгеруімен, тұрақсыздықпен, мерзімінен өткізумен және т.б. жанама шығындармен байланысты залалдар өтелмейді.

Лизинг берушінің қаржылық тәуекелін сақтандыру мәмілесі лизингтік мәміленің мерзіміне тең мерзімге жасалады, ал сақтандыру тарифі өтемақының максималды сомасының 0,5-5% шамасында болады.

Лизинг мәмілесі бойынша сақтандыру жағдайлары коммерциялық несиелерді сақтандыру мәмілелеріндегілермен бірдей болады.

Лизингтік төлемдерді төлемеу тәуекелін тек мүлікті лизингке беретін компания ғана сақтандыра алады. Сәйкесінше сақтандыру компаниясы залалдарды лизингтік компанияға өтейді.

12.2 Сақтандырылмайтын тәуекел

Сақтандырылмайтын тәуекел – сақтандыру компанияларының көбісі олармен байланысты залалдардың пайда болу мүмкіндігін болжауға болмайтындығынан сақтандыруға бас тартатын тәуекел. Су басу немес жер сілкінісі секілді табиғи апаттардан сақтандырылуға болады, бірақ сақтандыру компаниялары егер тәуекел үкімет акцияларымен немесе жалпы экономикалық жағдаймен байланысты тәуекелдерді сақтандыруға құштар емес. Зандылықтың өзгеруі және экономикалық сілкіністер сияқты белгісіз факторлар сақтандырудың шегінен шығады. Кейде сақтандырылмайтын тәуекелдер, болашақ залалдарды дәл бағалауға мүмкіндік беретін жеткілікті мәліметтер жинақталса, сақтандырылатын тәуекелге айналады.

Сақтандырылмайтын тәуекелдерге келесілер жатады:

- Нарықтық тәуекелдер – меншікті немесе табысты жоғалтуға алып келетін факторлар, мысалыға бағалардың маусымдық немесе

циклдық өзгерулері; тұтынушылардың енжарлығы; моданың өтіп кетуі; сапасы жоғары тауарды ұсынатын бәсекелестің болуы.

- Саяси тәуекелдер – үкіметтің өзгеруі, соғыс, еркін сауданы шектеу, негізсіз және шамадан тыс салықтар, валютаны еркін айырбастауды шектеу сияқты оқиғалардың пайда болуымен байланысты қауіптер.

- Өндірістік тәуекелдер – құралдардың экономикалық емес жұмысы, шикізаттық ресурстардың жеткіліксіздігі, техникалық проблемаларды шешу қажеттілігі, ереуілдер, жұмысқа келмеу, еңбек конфликтілері секілді факторлар.

- Жеке тәуекелдер – жұмыссыздық, ажырасу нәтижесіндегі кедейшілік, білімнің жеткіліксіздігі, жұмысты табу мүмкіндігінің болмауы немесе әскери қызмет кезінде денсаулықты жоғалту факторларының қатері.

Кәсіпкерлік қызметкерліктегі залады минимизациялауға (азайтуға) арналған сақтандыру түрлері

Егер де, зақым келесідей өлшеуге келетін болса ғана абсолюттік көрсеткіште қауіп-қатер мүмкін болатын залалдың материалдық-заттық (физикалық) және бағалық (ақшалық) көрсеткіштерінің көлемі арқылы анықталуы мүмкін.

Кәсіпкерлік қызметкерлікте залал мынандай түрлерге бөлінуі мүмкін: материалдық, еңбек, қаржылық, уақыт шығыны және де арнайы залал түрлері. Әрбір аталған залал түріне олардың минимизациялауына (азайтылуына) жәрдемдесетін сақтандырудың кең көлемді тізімі сәйкес келеді.

Әрине, әрбір залал түрінің пайда болу мүмкіндігі мен көлемінің бастапқы құнын нақты бір уақытта, яғни, кәсіпкерліктің жүзеге асуының айы, жылы, мерзімімен өндірілуі қажет.

Қауіп-қатердің құнын анықтауға арналған ықтимал залалдарды кешендік талдау барысында тек қауіп-қатер қайнаурын анықтау ғана емес, сонымен қатар қай қайнарлары құндарының артылуы екенін анықтау қажет.

Сақтандырылатын тәуекел – мүмкін шығындардың оңай анықталатын дәрежесі, сол себептен сақтандыру компаниялары оларды сақтандыруға дайын.

Сақтандырылатын тәуекелге келесілер жатады:

Меншіктік тәуекелдер - меншіктің әртүрлі апаттар нәтижесінде жанама және тікелей зақымдалуы болу тәуекелі.

Жеке тәуекелдер – алдын ала өлім, еңбекке қабілетсіздік, кәрілік салдарынан залал болу тәуекелі.

Сақтандырылатын тәуекелді өзіне алуға дайын сақтандырушы компания, әдетте, келесі талаптарға жауап береді:

Сақтандырылатын қауіп-қатер қасақана әрекет нәтижесі болуы мүмкін емес.

Кесте 4 - Кәсіпкерлік қызметкерліктегі залал түрлері

Кәсіпкерлік қызметкерліктегі залал түрлері	Сақтандыру түрлері
Материалдық – кәсіпкерлік жобала қарастырылмаған қосымша шығындарда немесе құрылғы, мүлік, өнім, шикізат, энергия және т.б. тікелей шығындарда көрінеді.	Заңдық тұлғалардың мүліктерін сақтандыру Жүкті сақтандыру Құрылыс-жөндеу жұмыстарын сақтандыру Механизмдер мен машиналарды бұзылып калудан сақтандыру Қоймадағы тауарларды сақтандыру Транспорттық заттарды сақтандыру
Еңбек - кездейсоқ, күтпеген жағдайдағы жұмыс уақытының залалы.	Өндірістегі үзілістен сақтандыру
Қаржылық - алдын ала ойластырылмаған төлемдер, айыппұл төлеу, қосымша салықты төлеу, ақсалай қаражат және құнды қағаздарды жоғалту барысында пайда болатын тікелей қаржылық зақым.	Инновациялық және инвестициялық қауіп-қатерді сақтандыру Өндірістегі үзілістен сақтандыру Келісім-шарт міндеттемелерін орындамаудан сақтандыру Қаржылық қауіп-қатерден сақтандыру Титулдық сақтандыру Тауарлар мен жұмыстардың (қызмет көрсетудің) сапаларына жауапкершілікті сақтандыру Кәсіпкерлік жауапкершілікті сақтандыру
Залалдың арнайы түрлері – адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, кәсіпкердің беделіне зақым, және басқа да жағымсыз әлеуметтік және моральді-психологиялық салдар түрінде көрінеді.	Ерікті медициналық сақтандыру Жағымсыз жағдайлардан сақтандыру Экологиялық сақтандыру Кәсіпорынның жауапкершілігін сақтандыру – қауіп жоғары орталықтардан Жалпыазаматтық жауапкершілікті сақтандыру

Сақтандырылған ұйым немесе жеке тұлғаның бұйрығы немесе келісімімен өз-өзіне әдейі келтірген залал үшін сақтандыру компания төлемейді. Мысалы, сақтандыру полиске сақтандырылған ұйымның әдейі өртеуден кейінгі залалдары кірістірілмейді. Бірақ та мұндай полис, егер өртеуді ұйым қызметкері жасайтын болса, шығынды жабуды қарастырады.

Зиян есептелінуі тиіс және сақтандыруға кеткен шығындар экономикалық ақталған болуы керек.

Пайда алу үшін сақтандыру компанияларына апат шығындарының маңыздылығы және жиілігі туралы хабарлы болу қажет. Егер бұл ақпарат ұзақ уақыт кезеңін қамтыса және оқиғалардың үлкен санына

негізделсе, онда сақтандыру компаниялары, әдетте, болашақта зиянның қандай болатынын дәл болжай алады.

Тәуекелдің бір түрі осындай маңызды оқиғалар санын қамтуы керек.

Оқиғалар осы санатқа қаншалықты түссе, тіпті соншалықты бір нәрсеге болашақта сақтандыру компанияның болжамдары расталады. Сондықтан да, көптеген фирмалар және жеке тұлғалар тап болатын тәуекелдерді сақтандыру компаниялары өз жауапкершілігіне алуға тырысады. Мысалы, өрт - бұл түгелдей дерлік барлық ғимараттарға қауіп төндіретін ортақ қауіп-қатер, сондықтан, әдетте, өрт шығындардан сақтандыру қиындықты тудырмайды.

Тәуекел барлық сақтандырылған адамдарды бір мезгілде қозғамауы тиіс.

Егер сақтандыру компаниясы үлкен географиялық аймақтарды немесе халықтың кең тобын қамтымаса, онда тек қана жалғыз апат үшін өзінің барлық полистер бойынша бірден төлеуге тура келеді.

Әлеуетті қаржы ысыраптары сақтандырушы үшін елеулі болуы керек.

Сақтандыру компаниясы көптеген ұсақ сақтандыру талаптарын (залалды өтеу туралы сақтандырылған тұлғалардың өтініштері) қанағаттандыруға қатысты кеңсе жұмыстармен айналыса алмайды. Сондықтан полистердің көбісінде, сақтандыру компаниясы полисте аталған сомадан асатын зиянның ғана бөлігін төлейтінін ескеретін баптары болады. Бұл зиянның ортақ сомасынан белгілі бір бөлігін сақтандырылғанның өзі төлеуге келіскен, кепілсіз қалдығы.

Қаржы тәуекелдерін сақтандыру

Қаржы тәуекелдерін сақтандыру сақтандыру оқиғасы (сақтандыру жағдайы) пайда болғанда арнайы сақтандыру компаниялармен (сақтандырушылармен) сақтанушыдан сақтық сыйлықақыларын алу жолымен қалыптасатын ақша қорлары есебінен кәсіпорынның меншікті мүдделерін қорғауды білдіреді.

Сақтандыру процесінде кәсіпорынға оның барлық жүйелі және жүйелі емес негізгі қаржы тәуекелдері бойынша сақтық қорғанысы қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, сақтандырушылармен қаржы тәуекелдердің жағымсыз салдарын өтеу көлемі шектелмейді – ол сақтандырылатын объектінің нақты құнымен (оның сақтандыру бағасының мөлшерімен), сақтандыру сомасы және төленетін сақтық сыйлықақының мөлшерімен анықталады.

Нарықта ұсынылатын кәсіпорынның қаржы тәуекелдерін сақтандыруды қамтамасыз ететін сақтандыру қызметтері келесі белгілер қатарына байланысты бөлінеді.

1. Сақтандыру нысанына қарай келесі түрге бөлінеді:

Міндетті сақтандыру. Сақтанушы және сақтандырушы үшін де оның заңдық міндеттемесінде жүзеге асырылғанына негізделетін сақтандыру нысанын білдіреді. Кәсіпорында міндетті сақтандырудың негізгі объектісі – оның операциялық негізгі құралдар құрамына кіретін активтері (мүлкі) болып табылады. Бұл активтерді сақтандыру қаржы менеджменттің жайғасымнан (позициясынан) кәсіпорынның қаржы тәуекелдерін сақтандыру сияқты қарастырылады. Әдетте, меншікті капитал есебінен қалыптасатын операциялық негізгі құралдар нысанындағы сақтандырылмаған активтердің ысырабы кәсіпорынның қаржы тұрақтылығының елеулі төмендеуіне алып келуі мүмкін. Соған байланысты ол кең мағынасында меншікті капитал бөлігінің азаю мүмкіндігімен байланысты кәсіпорынның қаржы тұрақтылық деңгейінің төмендеу тәуекелін сақтандыруды білдіреді.

Ерікті сақтандыру. Сақтық мүдделеріне байланысты сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы тек ерікті жасалған келісім шартқа негізделетін сақтандыру нысанын сипаттайды. Екі жақтың сақтандыру мүдделеріне негізделген қағида кәсіпорынға да, сақтандырушыға да бірдей таралады, соңғысына оған қауіпті немесе тиімді емес қаржы тәуекелдерін сақтандырудан бас тарту мүмкіндігін береді.

2. Сақтандыру объектісіне қарай еліміздегі бар тәжірибе келесі топтарға бөледі:

Мүліктік сақтандыру. Ол кәсіпорынның материалдық және материалдық емес активтердің барлық негізгі түрлерін қамтиды. Мүліктік сақтандыру кезіндегі сақтық қатынастар жақтардың келесі міндеттерімен анықталады: сақтанушы сақтық жарналардың (сақтық сыйақылардың) уақытында төленуін, сақтандырушы сақтандыру оқиғасы кезінде кәсіпорынға келетірілген қаржы залалдарын өтеуін қамтамасыз етуі тиіс. Мүліктік сақтандыруда сақтанушы ролінде тек сәйкес активтерді иеленуші ғана емес, олардың сақталушылығына мүдделі заңды тұлғалар болуы мүмкін (мысалы, ғимаратты жалға алушы, жабдыққа лизинг алушылар және т.б.).

Жауапкершілікті сақтандыру. Сақтанушының кез келген іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде қаржылық немесе залалдың басқа түрін тарға алатын үшінші тұлға алдындағы кәсіпорынның және оның қызметкерлердің жауапкершілігі оның объектісі болып табылады. Бұл сақтандыру түрі үшінші тұлғаға – заңды және жеке тұлғаға келтірілген залалға байланысты заңдық тәртіпте жүктелуге мүмкін, қаржылық ысырап тәуекелдерінен кәсіпорынның сақтық қорғанысын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді сақтандыру. Ол кәсіпорынның өзінің қызметкерлер өмірін, сонымен қоса, олардың еңбек қабілетін жоғалту мүмкіндігін, мүгедек болу жағдайларын сақтандыруды қамтиды. Бұл сақтандырудың нақты түрлері ұжымдық еңбек келісімі және жеке еңбек шартына сәйкес кәсіпорын пайдасы есебінен ерікті түрде жүзеге асырылады.

3. Сақтандыру көлеміне қарай келесі топтарын ажыратады:

Толық сақтандыру. Сақтандыру оқиғасы кезінде қаржы тәуекелдердің жағымсыз салдарынан кәсіпорынның сақтық қорғанысын толық көлемінде қамтамасыз етеді.

Ішінара сақтандыру. Ол қаржы тәуекелдерінің жағымсыз салдарынан кәсіпорынның сақтық қорғанысын белгіленген сақтандыру сомалармен де, сақтандыру оқиғасы басталудың нақты шарттардың жүйесімен де шектейді.

4. Сақтандырудың қолдану жүйесі бойынша бөліп көрсетеді:

Мүліктің нақты құны бойынша сақтандыру. Ол мүліктік сақтандыруда қолданылады және кәсіпорынның сақтандырылған активтер түрлерімен (мүліктің сақтық сомасы мөлшерінде) келтірілген қаржы залалынан толық көлемде сақтық қорғанысты қамтамасыз етеді. Басқа сөзбен айтқанда, сақтандырудың бұл жүйесінде сақтық өтеуі келтірілген қаржы залалының толық сомасында төленуі мүмкін.

Пропорционалы (үйлесімді) жауапкершілік жүйесі бойынша сақтандыру. Ол тек қаржы тәуекелдердің жеке түрлері бойынша ішінара сақтық қорғанысын қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда келтірілген қаржы залалын сақтық өтеуі сақтандыру коэффициентіне (сақтандыру объектісінің сақтандыру бағасының мөлшеріне сақтандыру келісімшартымен бекітілген сақтандыру сомасының қатынасы) пропорциялы жүзеге асырылады.

Бірінші тәуекел жүйесі бойынша сақтандыру. «Бірінші тәуекел» түсінігі сақтандыру шартын құрастырғанда бекітілген сақтандыру сомасы мөлшерінде алдын ала бағаланған, сақтандыру оқиғасы болғанда сақтанушымен шеккен қаржы залалын білдіреді. Егер нақты қаржы залалы қарастырылған сақтандыру сомадан (сақтандырылған бірінші тәуекел) асатын болса, онда бұрын жақтармен келісілген сақтандыру сомасы шегінде ғана ол бұл сақтандыру жүйесімен өтеледі.

Шартсыз франшизаны қолдану арқылы сақтандыру. Франшиза – бұл сақтанушымен тартылған залалдың сақтандырушымен минималды өтелмейтін бөлігін білдіреді. Шартсыз франшизаны қолдану арқылы сақтандыру кезінде сақтандырушы барлық сақтандыру жағдайларда сақтанушыға сақтандыру өтемін франшиза мөлшерін шегеру арқылы төлейді.

Шартты франшиза қолдану арқылы сақтандыру. Бұл сақтандыру жүйесі кезінде, егер залалдың сомасы келісілген франшиза мөлшерінен аспайтын болса, сақтандырушы сақтандыру оқиғасы нәтижесінде кәсіпорын шеккен қаржы залалына ешқандай жауапкершілікті тартпайды. Егер де қаржы залалдың сомасы франшиза мөлшерінен асатын болса, онда кәсіпорынға төленетін сақтық өтемі құрамында толықтай (яғни бұл жағдайда франшиза мөлшерін шегерусіз) төленеді.

5. Сыныптамасы кезіндегі сақтандыру түрлеріне қарай бөлінеді:

Мүлікті (активтерді) сақтандыру. Бұндай сақтандырудың негізі оның міндетті нысанын сипаттағанда қарастырылған. Сонымен қоса, оның мүмкіндіктері кәсіпорынның материалды және материалды емес (зияткерлік меншігін) активтерін ерікті сақтандыру есебінен елеулі кеңейтілуі мүмкін. Бұл ерікті сақтандыру түрінің, міндеттіден қарағанда, келесі артықшылықтары бар:

А) кәсіпорынның өндірістік негізгі құралдары ғана емес, барлық материалды және материалды емес кешені сақтандырумен қамтылуы мүмкін;

Б) бұл активтерді сақтандыру сәйкес сараптамалық бағалауы бар болғанда, олардың нақты нарықтық құны мөлшерінде (яғни, баланстық бағасы емес, қалпына келтіру құнымен) жүзеге асырылуы мүмкін;

В) активтердің әр түрін сақтандыруы бірнеше (біреуінде ғана емес) сақтандырушыда орындалуы мүмкін, бұл сақтық қорғаныстың одан да берік сенімділік дәрежесіне кепіл береді, жеке алғанда, сақтандырушылардың өзі банкротқа ұшырау кезінде (бұндай сақтандыру кәсіпорын үшін қаржы тәуекелдерін әртараптандырудың бір бағыты болып табылады);

Г) оның құраушысы ретінде бұл активтерді сақтандыру процесінде болашақ кезеңге инфляциялық тәуекел есепке алынуы мүмкін.

Несиелік сақтандыру (немесе есеп тәуекелі). Тауарлық (коммерциялық) несие ұсынылғанда немесе кейінгі төлеу шартында өнім жеткізілімі кезінде сатып алушылар жағынан төленбеген төлем (уақытындағы емес төлем) тәуекелі сақтандыру объектісі болып табылады. Бұл сақтандыруды, әдетте, дебиторға шығындарды жатқыза отырып, кәсіпорынның өзі жүзеге асырады. Кәсіпорынның несиелік тәуекелі өнімді сатып алушының өзімен де сақтандырылуы мүмкін.

Депозиттік тәуекелді сақтандыру. Әр түрлі депозиттік құралдарды қолдану арқылы кәсіпорынмен қысқа және ұзақ мерзімді қаржы салымдары процесінде жасалынады. Банкроттылық кезіндегі депозиттік салымдар және депозиттік сертификаттар бойынша банкпен негізгі қарыз бен пайыздарды қайтармаудың қаржы тәуекелі сақтандыру объектісі болып табылады.

Инвестициялық тәуекелдерді сақтандыру. Нақты инвестициялаудың көптеген қарапайым тәуекелдері, бірінші ретте, инвестициялық жобалар бойынша жобалы-құрылымдаулық жұмыстарды, ол бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын уақытында аяқтамау тәуекелі, жоспарланған жобалық өндірістік қуаттылығының шықпауы және т.б. бұл сақтандырудың объектісі болып табылады.

Жанама қаржы тәуекелдерді сақтандыру. Сақтандырушыда жеткілікті сақтық мүддесі бар болғанда бұндай сақтандыру кәсіпорынның қаржы тәуекелдерінің барлық түрлерін қамтиды. Бұл сақтандыру түрі есептік пайданы сақтандыру, жоғалған пайданы сақтандыру, бекітілген бюджеттің күрделі және ағымды шығындардың артуын сақтандыру, лизингтік төлемдерді сақтандыру және т.б. сияқты түрлерін қамтиды.

Қаржы кепілдіктерін сақтандыру. Кредиторлардың талабы бойынша кәсіпорын қарыздық қаржы құралдарын (банктік, коммерциялық және т.б. несие түрлері нысанында) тарту процесінде қолданады. Негізгі қарыздық сомасын қайтармау (уақытында қайтармау) және бекітілген пайыз сомасын төлемеудің (уақытында төлемеу) қаржы тәуекелі сақтандыру объектісі болып табылады.

Қаржы тәуекелдердің басқа түрлерін сақтандыру. Оның объектісі - қаржы тәуекелдердің өзге түрлері.

Экологиялық тәуекелдерді сақтандыру.

Шетел тәжірибесінде «экологиялық сақтандыру» түсінігі жиі технологиялық апатпен шартталған үшінші тұлғаға залалды өтеу қажеттілігімен байланысты потенциалды қауіпті объектілер иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды білдіреді. Оның кеңейтілген мағынасы меншіктің залалы нәтижесінде зиянды өтеуін талап ететін, кез келген қоздырылған қуыным (иск) кезінде сақтанушы қорғанысын қарастыратын барлығының ортақ жауапкершілігін кірістіреді. Сақтанушының жерге, ауаға, суға (және су қоймаларына) зиянды заттектің әсері нәтижесінде заңды және жеке тұлғаларға келтірілген залалды өтеу міндетін (жекеқұқықтық сипатында) заңмен қарастырылған қылмыстық жауапкершілігі сақтандырылады. Меншік құқығын бұзғанынан шығатын мүліктік шығындары, жабдық пен өндірістік қызметке құқығы, су аймақтарын қолдану құқығы немесе оларды қолдану куәлігі сақтандырылады.

Ластаудан кейінгі залалмен байланысты мүліктік жауапкершілікті сақтандыру 1960 жылдары пайда болды, ол кездері полистер «сақтанушы жағынан күтпеген және әдейі ойластырылмаған болып табылатын және жеке немесе мүліктік залалға тартатын шарттарға ұзаққа созылған немесе қайталама ықпалын кірістіретін оқиға» деп

анықталатын апатты және болжанбаған жағдайды өтеуге бағытталған. Бұл полистер шындығы ластауға лицензия болып табылатын.

Кәсіпорындардың және өндірістердің экологиялық қауіпін бағалау әдістемесінде ең бастысы сақтандырудың экологиялық аудиттеуі болуы керек. Ол маңызды екі сұраққа жауап беруге міндетті:

1) экологиялық сақтандыру жүйесіне енгізілген нақты объектіде экологиялық апаттың болу мүмкіндігі қаншалықты;

2) экологиялық апат тудырған шығындардың көлемі қандай болуы мүмкін.

Өнеркәсіп өндірісінің қаупі:

1) өндірісте өте үлкен (критикалық) көлемде қолданылатын зиян химикалық заттардың тізбегі бойынша идентификацияланады;

2) қоршаған ортаға әсер етудің шекті мөлшерінен еселеп артуы бойынша анықталады;

3) ластану тәуекелдің есептік шамасынан және болжамды келтірілген залалға сүйене отырып анықталады.

Экологиялық сақтандырудың әдістемесі шетел және отандық зерттеушілердің оның қоғамдағы экономикалық өміріндегі рөліне көзқарастардың келіспеушілігімен сипатталады. Біріншілерде ол мүліктік сақтандыру шегінде ассоциацияланады және жүзеге асырылады (сирек). Егер ол жауапкершілікті сақтандыру процесінде жүргізілсе, онда ластау нәтижесінде, апаттан болу міндетті емес, мүлік иесіне және оның денсаулығына келтірілген залал сақтандыру ұйыммен өтеледі. Ол тұрақты сақтандыру жарналарды қарастыратын бұрын жасалған шарттың негізінде, немесе соттық тәртіпте бектілген айыпкердің есебінен орындалады. Екі жағдайда да залалдың мөлшері мүліктің ысырабын және алмаған пайданы бағалаудың дәстүрлі әдістерімен анықталады. Бұнда нормативті-құқықтық құжаттар маңызды рөл алады.

Экологиялық сақтандыруда шығындар деп қоршаған ортаға белгілі бір көзден белгілі мөлшерде (апаттық көлемде) зиянды заттектердің түсімі және нақты реципиенттерде негативті әсерінің пайда болуымен шартталған ысырап болып есептеледі. Жауапкершілікті сақтандыруда апаттық ластағаны үшін зиян келтіретінге және реципиентке дербестендіру (персонификация) жүреді. Мүліктік сақтандыруда ортаны ластау кезінде жеке ластаушының үлесі бөлінбейді. Осыдан келе, сақтандыру соманы қаржымен орнын толтыруы әр түрлі көздерден ғана қамтамасыз етілмей, сақтандырушы алған сақтық сыйақысын түрлі мақсатты бағыттарға қолдана алады.

Қоршаған ортаны апаттық ластағаны үшін жауапкершілікті сақтандыру сияқты жүзеге асырылатын экологиялық сақтандыру

экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және үшінші тұлғаның шығындарын төлеуге бағытталған, ал мүліктік сақтандыру сияқты – сақтанушының залалын ғана өтеуге бағытталған.

Ластаумен келтірілген шығындардың бөлігін өтеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және табиғат қорғау шараларын қаржыландырудың қосымша көздерін жасайтын, қоршаған ортаны апаттық ластағаны нәтижесінде туындайтын, сақтанушылардың мүліктік мүддесі және жоғары экологиялық қауіп көзі – экологиялық сақтандыруды кәсіпорындардың жауапкершілікті сақтандыру ретінде анықтауы айтылған әдістемелік базиске негізделеді. Оның басты міндеті – барлық жақтардың: сақтандырушылар, сақтанушылар және үшінші тұлғалардың мүдделері сақталған кезінде экологиялық қауіпсіздікті қосымша қаржымен қамтамасыз етуі.

Егер мүліктік сақтандыру операциясы үшін нормативті-әдістемелік құжаттаманың жеткілікті бай спектрі болса, ортаны апаттық ластағаны үшін жауапкершілікті сақтандыруға әлі де әзірлеуге тура келеді.

Ресей Федерацияның Азаматтық кодексінде «Залал деп құқығы бұзылған тұлға жасаған немесе бұзылған құқықты қалыпқа келтіру үшін жасауы тиіс шығындар, жоғалтулар немесе оның мүлкіне зиян келтіруі (нақты зиян), сонымен қоса, тұлғаның құқығы бұзылмаған жағдайда оның азаматтық айналымның қалыпты шарттарында алуға тиіс ұтылған пайдасы, ала алмаған кірісі түсіндіріледі. Егер құқықты бұзған тұлға сол себептен кіріс алатын болса, құқығы бұзылған тұлға сол кірістен кіші емес мөлшерде жоғалған пайданың басқа шығындарын өтеуін талап етуі мүмкін».

Сөйтіп, сақтандыру сомасының теориялық шамасы апаттық ластанудың алдын алу шығындарынан және реципиентке ортаны ластау әсерін бағалау шығындарынан тұрады. Біріншісі сақтанушы үшін экологиялық сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде жоқтық жағдайдағы қосымша, ақталмаған шығындарды білдіреді. Ортаны апаттық ластағаны үшін жауапкершілікті сақтандыру шарты пайдасына жасалған қоғам және үшінші тұлға үшін бұндай шығындар – әлеуетті залалдың бөлігі. Осыны саналы түрде меңгере отырып және мүмкін сақтық өтемін бағалай келе, сақтандырушы апатты превентизациялау үшін қаражатты өзі бөледі, не сақтанушыны табиғатты қорғау шараларына мәжбүрлейді (экономикалық ынталандырады). Оларды жүзеге асыруға, не сақтық сомасы есебінде есепке алуға болады.

Сақтандыру сомасының екінші құраушысы – бұл реципиентке зиянды заттектердің қоршаған ортаға түсудің нәтижесіндегі залалы. Залалдың бірінші түрінен қарағанда, олар үшінші тұлғаларда да

танылады. Сол және басқа жағдайда да экологиялық сақтандыру жоғары экологиялық қауіпті көздерден ортаны апаттық ластағаны үшін жауапкершілікті сақтандыру ретінде шығады.

Апаттық ластанудан кейінгі залалды тек мүдделеріне қарай жауапкершілікті сақтандыру жасалған үшінші тұлға-реципиенттер ғана емес, ластанудың көзі – сақтанушылардың өзі, реципиент болып, зардап шегеді. Сақтанушы ретінде солар және басқалар да болуы мүмкін.

Осыған байланысты сақтандырушылардың өтемақылық саясатының дифференциациясы туралы жоғарыда айтылған болатын. Мүліктік сақтандыру шегінде апаттық ластау көзінің залалын өтей отырып, сақтандырушы ластануды болдырмау бойынша сақтанушыда ешқандай қызығушылық тудырмайды. Үшінші тұлға-реципиенттердің залалын өтей отырып, ол ластанудың эмитенті – сақтанушыны болашақ апаттың салдарын жоюға және превентизациялау қажеттілігінен босатады.

Өз өзінен сақтандыру процесі болашақ тәуекелдерді және қоғам шығындарын ықшамдайтындарды марапаттайды. Нәтижесінде, жеке нарық тетіктері қоршаған ортаға залалды елеулі төмендету мүмкіндігімен тәуекелді реттеу және басқару құралы болады. Бұндай тікелей экономикалық ынталандырмасын қолдануы қоғам мен табиғат қарым-қатынасын экономико-құқықтық реттеудің дәстүрлі әдістеріне тиімді толықтауыш болуы мүмкін. Сонымен, экологиялық сақтандыру дамуының іргелі мәселелердің 4 блогын бөліп көрсетеміз.

Біріншісі, экономикадағы экологиялық сақтандырудың мәнін, орнын және ролін анықтайтын, елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін элементі ретінде оған жалпы мемлекеттік маңызын күшейтеді. Бұл фактор міндетті экологиялық сақтандыруды енгізу тұжырымдамасының негізі болып табылады.

12.3 Өнеркәсіп тәуекелдерін сақтандыру жүйесі

Өнеркәсіп тәуекелдерін сақтандыру жүйесі шегінде бірнеше қосалқы жүйелерін бөліп көрсетуге болады: стандартты мүліктік тәуекелдерді сақтандыру; техникалық тәуекелдерді сақтандыру; жауапкершілікті сақтандыру; кәсіпкерлік және қаржы тәуекелдерін сақтандыру.

Стандартты мүліктік тәуекелдерді сақтандыру

- Мүлікті сақтандыру (ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар)
- Көлік құралдарын сақтандыру;
- Жүк тасымалдарын сақтандыру.

Техникалық тәуекелдерді сақтандыру

- Құрылыс-монтаж тәуекелдерін сақтандыру;
- Сынудан машина мен механизмдерді сақтандыру;
- Электрлік жабдықтар мен аппаратураларды сақтандыру.

Жауапкершілікті сақтандыру

- Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізгендегі жауапкершілікті сақтандыру;

- Қауіпті өндірістік объектіде апаттың нәтижесінде зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыру;

- Басқарушы жұмыскерлердің жауапкершілігін сақтандыру;

- Жалпы азаматтық жауапкершілікті сақтандыру;

- Тауарлар, жұмыстар (қызмет көрсетулер) үшін жауапкершілікті сақтандыру;

Кәсіпкерлік және қаржы тәуекелдерін сақтандыру

- Өндіріс үзілістерінен сақтандыру;

- Инвестициялық тәуекелдерді сақтандыру;

- Инновациялық тәуекелдерді сақтандыру;

- Сыртқы экономикалық қызметтің тәуекелдерін сақтандыру.

Өнәркәсіп кәсіпорындардың қызметімен бірге болатын жоғарыда қарастырылған сақтандыру тәуекелдердің қосалқы жүйелерін кешенді қолдану кезінде сақтанушы үшін жоғары экономикалық эффект беруі мүмкін.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын сақтандыру

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын сақтандыру – бұл сақтандыру тәуекелдерін жүзеге асыру салдарының превенция, репрессия және компенсацияның біртұтастығы ретінде кәсіби қатысушылардың сақтық қорғанысының негізгі элементі. Сақтандыру түрлі сақтандыру тәуекелдермен байланысты сақтандыру түрлерінің спектрінде және нақты сақтық төлемдерде іске асырылады. Нарықта қол жетімді сақтық төлемдердің ортақ саны 10-нан асады, және олар тәуекелді басқаруда маневр үшін маңызды өрісін бере отырып, кәсіби қатысушылардың сақтандыру тәуекелдердің барлық спектріне қорғанысты қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын 3 топқа бөлуге болады:

Мамаңданған делдалдар (брокер-дилерлер, инвестициялық банктер, қаржы кеңесшілері, басқарушы компаниялар);

Қөмекші делдалдар (қор биржалары, депозитариилер, тіркеушілер, клирингтік орталықтар);

Несие – қаржы ұйымдары (коммерциялық банктер, инвестициялық қорлар, зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялар, басқа да қаржы компаниялар).

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының тәуекелін басқару негізі – сақтандыруға жатқызу критеріі бойынша соңғыларын сапалы сұрыптау. Соңғыларына кәсіби қатысушылардың тәуекелінің маңызды бөлігі жатады, негізінен: несиелік тәуекел, операциялық тәуекелдердің барлығы, оқиғалар тәуекелінің көп бөлігі.

Қазіргі кезде дамыған қаржылық нарықтарда коммерциялық сақтандыру сақтандыру және кепілдік қорларымен сәйкес келеді, ол тәуекелдің әртүлі типіне байланысты, қаржылық жүйелерге және жеке қаржылық институттарға қатысты.

Қаржылық нарыққа арналған сақтандыру өнімдері: FidelityBond, BanketsBlanketBond (BBB), Director&OfficersLiability, Errors&Omissions, Professionallndemnity, Electronic&ComputerCrime АҚШ, Ұлыбритания, Европаның негізгі қаржылық нарықтарында тәуекелді басқару жүйесінің бөлігі болып табылады. Қаржылық институттар үшін сақтандыру өнімдері негізінде BankersBlanketBond (BBB) атымен белгілі банктерді сақтандыру бойынша міндеттемелер жатыр, ол 1960 жылы Америкалық кепілдіктер ассоциациясымен американдық банктерге арналып жасалынған.

Қаржылық институттарда болатын тәуекелдің сақтандыру факторларына жатады:

Қызметкерлердің ниетінің түзу еместігі (жасанды құнды қағаздарды, құжаттарды қолдану);

Қоймадан құнды қағаздарды ұрлау;

Электрондық, компьютерлік қылмыстар;

Қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігі;

Директорлардың жауапкершілігі.

Дүниежүзілік нарықтың көлеміндегі құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының тәуекелін сақтандыруының дамуы көбіне циклдың ағымдағы фазасымен анықталады – кәсіби қатысушыларды сақтандыру түрлерінің кейбіреулеріне оңтайлы(мүлік, компьютерлік тәуекелдер) және басқаларына(кәсіби жауапкершілік, директорлардың, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі) жағымсыз болады.

Құнды қағаздар нарығындағы негізгі сақтандыру өнімдері

Құнды қағаздар нарығындағы негізгі сақтандыру өнімдерін екі топқа бөлуге болады:

Құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына, экономикалық қызметтің басқа сфераларындағы субъектілерге жалпы толтыру;

Мамандандырылған толтыру, олар негізінен құнды қағаздар нарығының қатысушыларына ғана тән немесе тәуекел ортасының

прогресі мен динамикасына байланысты сақтандыру қорғанысының жаңа жұмыстарына негізделген.

Жалпы толтыру тобына кіреді:

Мүлікті сақтандыру (Propertydamageinsurance) құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының барлық мүлігін сақтандыруды қарастырады: ғимараттарды, құрылыстар мен басқа қозғалмайтын мүліктерді, ішкі және сыртқы өңдеулерді, ішкі заттарды, кеңсе техникаларын, коммуникациялар, инженерлік және басқа жүйелер. Ақшалар, зергерлік бұйымдар, көркемөнер бұйымдары басқандай шарттармен сақтандырылады.

Сақтандыру қаза болу және тәуекелдің көптеген жағдайлары нәтижесінде зиян шеккенде жүргізіледі:

Өрт; жарылыс; найзағай соғу; апаттық табиғи жағдайлар(жер сілкінісі, грунттың отыруы, опырылу, тастың құлауы, дауыл, құйын, боран, смерч, су тасқыны, су басу, бұршақ); сумен қамтамасыз ету жүйесінің апаты; ұшу аппараттарының сынықтарының құлауы; көлік жүйелерінің қағып кетуі; бұзып ұрлау; тонау; вандализм; бұзақылық.

Құрлық көліктерін сақтандыру(Motorinsurance) екі өзара байланысқан сақтандыру толтыруларын біріктіреді: көлік құралын қаза болу, зақымдалудан, ұрланудан сақтандыру және көлік құралының иесін азаматтық жауапкершіліктен сақтандыру, көлікті эксплуатациялау нәтижесінде үшінші тұлғаның келтірген зияны үшін.

Жалпы азаматтық жауапкершілікті сақтандыру(General Liability insurance) – бұл құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының залалын толтыру, шаруашылық жүргізу нәтижесінде үшінші тұлғаның денсаулығына, мүлкіне келеген залалды толтыру.

Жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру (Employers Practices Liabilityinsurance) – құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының шығынын жабады, қызметкерлердің өміріне, денсаулығына, мүлкіне тиген зиянды заң жүзінде толтыру.

Қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру (Personal Accidentinsurance) құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы қызметкерлеріне бағытталған және тәуекелдің екі негізгі түрін жабады: қайғылы оқиғалар(күйу, тоқ не найзағай соғу, суға бату, ұсу, жаралану, адамның не жануардың шабуылдауы нәтижесінде жаралану, көлік апаты, улану) немесе аурулар нәтижесінде болған өлім немесе толық не жартылай еңбекке қабілетсіздік(мүгедектік).

Зиянды өтеу келісімшарт бойынша сақтандыру соммасының көлемінде тиген зиянға байланысты төлемдер кестесінің негізінде орындалады, ол қызметкердің табысына байланысты жеке немесе барлық қызметкерлерге бірдей бекітіледі.

Мамандандырылған толтыру тобына кіреді:

Құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының тәуекелін кешенді сақтандыру.

Зейнеткерлік реформаның негізінде басқарушы компанияның және арнайыдепозитарияның жауапкершілігін сақтандыру.

Диреторлардың және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандыру.

Кешенді банктік сақтандыру – BankersBlanketBond.

Кешенді банктік сақтандыру – BankersBlanketBond (ағылышын тілінен кешенді банктік өтеу) қылмыстық әрекеттерден банктерді сақтандырудың негізі болып табылады. BankersBlanketBond(BBB) ұсынған сақтандыру өтеулерінің түрлері сақтауда тұрған мүлікті ұрлағаннан, алдағаннан болған шығындарды өтеуге бағытталған.

Кешенді банктік сақтандырудағы тәуекелдің сақтандырылатын факторлары:

Банк қызметкерлерінің ниетінің түзу еместігі (жасанды құнды қағаздарды, құжаттарды қолдану);

Банк қоймасынан құнды қағаздарды ұрлау;

Электрондық, компьютерлік қылмыстар;

Банк қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігі;

BBB үшін сақтандыру полистері шығарылды, компьютер жүйесіне, электронды ақша аудару жүйесіне, банктің коммуникациялық жүйесіне алаяқтық топтар мен бағдарламалар жүргізу нәтижесінде банктердің шығындарын жабуды қамтамасыз етеді, сонымен қатар, банктің компьютерлік жүйесінің вируспен зақымдануы нәтижесінде немесе ақша құралдарын аударуды банк телефон, факс жүйесі арқылы жеткен алаяқтық бұйрық арқылы орындағандағы банктердің шығындарын жабады.

Бастапқыда компьютерлік қылмыстарды өтеу сақтандыруы жеке полис ретінде құрастырылған, ол бойынша өтеудің бірлескен лимиті және сақтандыру сыйақысы бекітілген. Алайда бұл сақтандыру өнімі қылмыспен күресу кешенді бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастағанда, компьютерлік қылмыстарды сақтандыру бойынша өтеу лимиті BBB бойынша бекітілген өтеу лимитінің құрамдас бөлігіне айналды, компьютерлік қылмыстар полисі бойынша сақтандыру сыйақысы BBB-ға арналған котировкалар негізінде есептелді. Компьютерлік қылмыстардан сақтандыру полистары және BBB бір сақтандырушыдан шығарылады. Әйтпесе, сақтандырушы үлкен шығынға ұшыраса – компьютерлік қылмыстардан өтеу бойынша, BBB бойынша, полис бойынша, компенсация төлегенде сақтандырушылар арасында жанжал тууы мүмкін.

Кесте 5 - Банктік тәуекелдерді сақтандырудың негізгі түрлерінің классификациясы

Сақтандыру түрлері	Банктердің тәуекелдері	Қаржылық жағдайға әсер ететін банктердің контрагенттерінің тәуекелдері
Жеке сақтандыру	1. Қайғылы оқиғалардан және аурулардан сақтандыру, қызметкерлерді медициналық сақтандыру 2. Қызметкерлердің өмірін сақтандыру (өлім, зейнеткерлік жағдайларында)	1. Қарызгерлердің өмірін, еңбекке қабілеттілігін сақтандыру
Мүліктік сақтандыру	1. Банктің қаржылық емес құндылықтарын сақтандыру 2. Сақтау мен тасымалдау кезіндегі құндылықтарды сақтандыру 3. Банктерді қылмыстық тәуекелдерден кешенді сақтандыру (ВВВ) 4. Электронды және компьютерлік қылмыстардан сақтандыру 5. Қаржылық тәуекелдерді сақтандыру (қарыздық міндеттемелер бойынша міндеттемелерді орындамау) 6. Пластик карталарының эмитенттерін сақтандыру 7. Банк қызметкерлерінің рұқсат етілмеген іс-әрекеттерінен сақтандыру 8. Коммерциялық қызметтегі үзілістердің шығындарын сақтандыру	1. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру 2. Банк басшылығының жауапкершілігін сақтандыру 3. Банктің өтелмеген қарыздық міндеттемелері үшін жауапкершілікті сақтандыру
Жауапкершілікті сақтандыру	1. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру 2. Банк басшылығы жауапкершілігін сақтандыру 3. Банктің өтелмеген қарыздық міндеттемелері үшін жауапкершілікті сақтандыру	1. Банкке қарызды өтемегені үшін жауапкершілікті сақтандыру

Бұл классификацияның келесі артықшылықтары бар:

- Сақтандыруға жататын банк тәуекелдерінің барлық түрлері кіреді;
- Жалпықабылданған классификацияға сәйкес түрлері бойынша сақтандыру өнімдерін нақты дифференциалдауға мүмкіндік береді (жеке тұлғаны сақтандыру, мүліктік сақтандыру, жауапкершілікті сақтандыру);
- Банктік тәуекелдер мен банк контрагенттері арқылы жанама тәуекелдер бөлініп көрсетіледі.

Әртүрлі сыртқы және ішкі факторлар жағдайында тәуекелді төмендетудің әртүрлі әдістері болуы мүмкін.

Кәсіпкерлік қызметте тәуекелді басқарудың әртүрлі әдістерін 4 топқа бөлуге болады:

Тәуекелді басқару әдістері:

1. тәуекелден жалтару әдістері
2. тәуекелдерді локализациялау әдістері
3. тәуекелдерді диверсификациялау әдістері
4. тәуекелдерді компенсациялау әдістері

Тәуекелдерді басқарудың нақты әдісін таңдау кезінде келесі принциптерден шығуы керек:

Меншік капиталдан артық тәуекелге баруға болмайды;

Аз үшін көптен тәуекелге келуге болмайды;

Тәуекелдің салдарын алдын-ала болжай білу керек.

Кәсіпорындағы тәуекелді басқарудың кешенді жүйесі

Тәуекелді басқару – идентификациямен, тәуекелді анализдеумен және шешім қабылдаумен байланысты процесстер, тәуекелді жағдайлардың жағымсыз салдарын минимализациялауды, жағымды жағдайларын максимализациялауды біріктіреді. Жобаның тәуекелін басқару процесіне келесілер кіреді:

1. Тәуекелді басқаруды жоспарлау – жолдарын таңдау және жобаның тәуекелін басқару бойынша қызметті жоспарлау.

2. Тәуекелді идентификациялау – жобаға және оның мінездемесін құжаттандыруға әсер ететін тәуекелдердің анықтамасы.

3. Тәуекелдерді сапалы бағалау – жобаға тәуекел салдарының пайда болуының және әсер етуінің сапалы анализі.

4. Сандық бағалау – жобаға тәуекел салдарының пайда болуын және әсер етуін сандық анализдеу.

5. Тәуекелдерге жауап беруді жоспарлау – тәуекелді жағдайлардың жағымсыз салдарын әлсірету және бар артықшылықтарды қолдану бойынша процедуралар мен әдістерді анықтау.

6. Тәуекелдер мониторингі және бақылануы – тәуекелдер мониторингі, қалатын тәуекелдерді анықтау, жобаның тәуекелін басқару жоспарын жасау және тәуекелді азайту қызметтерінің нәтижелігін бағалау.

Барлық бұл процедуралар бір-біріне әсер етеді, сонымен қатар басқаларымен әсерлеседі. Әр процедура әр жобада кем дегенде бір рет орындалады.

Тәуекелді басқаруда интеграцияланған қатынасқа көшу керек, онда барлық кәсіпорындарда құралдар мен әдістер бірге қолданылады, ал компанияны басқаруда жақсы ойластырылған стратегия болады. Интеграцияланған қатынас – бұл белсенді позиция, себебі болжауды

қарастырады, мұндай қатынас көбірек мүмкіншіліктер тудырып, қауіптілікті шектейді.

12.4 Кредиттік тәуелдерді сақтандыру

Кредиттік тәуекелдерді сақтандыру мүмкіндігінің алғашқы теоретикалық негіздемесін итальяндық ғалым Сангинетти берді. Ол 1839жылы « Саудагердің аukatсыздығынан пайда болған шығындарға қолданылатын сақтандыру жүйесі үшін жаңа теория эссесі» атты еңбегін жариялады. Өзінің зерттеулерінде Сангинетти банкроттықтың көп бөлігі кәсіпкерлерге тәуелсіз жағдайлардың салдарынан болатынын және орын алған жағдайларды кәсіпорын түріне байланысты бөлу арқылы банкроттықтың болу дәрежесін анықтауға болатынын дәлелдеген. Сөйтіп кредиттерге кепілдеме беру үшін сақтандырудың фундаментальді қағидасын қолдану – сақтандыру сыйақысының көлемін анықтау үшін көптеген тәуекелдіктерді қамтамасыз ету және статистикалық зерттеулерді жүргізу мүмкіндігі теоретикалық түрде дәлелденді.

Кредиттік тәуекелдерді сақтандырудың мәні – кредиттік тәуекелді азайту немесе жоюдан тұрады. Бұл сақтандырудың объектілеріне сатып алушыға берілетін коммерциялық кредиттер, жеткізуші немесе сатып алушының банктік судалары, кредит бойынша жауапкершіліктер және кепілдіктер және т.б. жатады.

Кредиттік тәуекелдіктерді сақтандыру борышкердің төлем қабілеттілігі болмағанда немесе белгілі бір себептермен қарызды өтей алмаған жағдайда сатушының немесе кредитор-банктің мүддесін қорғайды.

Бұл сақтандырудың түрлерінің ішінде өтелмеген кредиттер тәуекелдігін сақтандыру, өтелмеген кредиттер үшін қарызгерлердің жауапкершілігін сақтандыру түрлері ерекшеленеді. Бірінші жағдайда банк сақтанушы болса, екінші жағдайда кредитті қарызға алатын кәсіпорындар немесе ұйымдар болады.

Өтелмеген кредиттер тәуекелдігін сақтандыру ережесі бойынша сақтандыру объектісі болып барлық немесе жекелеген қарызгерлердің банк алдындағы жауапкершілігі саналады.

Егер сақтанушы кредиттік келісімде көрсетілген соманы белгілі уақытқа дейін алмаған болса (тәжірибе жүзінде 10 күннен 30күнге дейін, борышкердің орналасқан жеріне байланысты) сақтандырушының жауапкершілігі туындайды. Сақтандырушының нақты жауапкершілік шегі, ал ол борышкердің өтемеген кредитінің 50%-нан 90%-ға дейін құрауы мүмкін және оның жауапкершілікті орындау уақыты сақтандыру келісінде көрсетілген бойынша орындалады.

Сақтандыру уақыты бір айдан бір жылға және оданда жоғары болуы мүмкін. Тарифтік мөлшерлеме сақтандыру уақытына байланысты орнатылады. Тәуекелділік деңгейіне байланысты нақты бір жағдайларда сақтандыру төлемдерінің көлемі сәйкес коэффициенттерді қолдану арқылы төмендетілуі немесе арттырылуы мүмкін.

Сақтандыру сомасы пропорционалды түрде орнатылады, сақтандырушының сақтандыру келісінде көрсетілген жауапкершілігінің пайыздық мөлшерлемеге пропорционалдығына сүйене отырып анықталады.

Сақтандыру ережесіне сәйкес сақтандыру объектісі кредит берген банкке борышкердің банк алдындағы өтелмеген кредиті үшін жауапкершілігі болып табылады. Сақтандырудың бұл түрінің негізгі шарттары өтелмеген кредиттер тәуекелдігін сақтандырумен ұқсас болып келеді.

Сақтандырушылардың осындай сақтандыру түрлері бойынша келісім жасаған кезде борышкердің төлем қабілеттілігін және қаржылық жағдайын есепке алу қажетті екендігін атап өту керек.

12.5 Қаржылық кепілдіктерді сақтандыру

Қаржылық кепілдіктер банктік депозиттермен, бағалы қағаздармен, сондай-ақ инвестициялық салымдармен, коммерциялық келісімдермен, арендалық міндеттемелермен, ипотекамен, валюталық курстардың өзгеруімен, пайыздық мөлшерлемелермен және сақтандыру компанияларының портфелінің стандартты активтері болып табылатын басқа да коммерциялық қызметтермен байланысты негізгі қаржылық келісімдерді қамтиды.

Валюталық тәуекелдерді сақтандыру белгілі бір дәрежеде биржалық тәуекелдерді сақтандырумен ұқсас болып келеді, бірақ көп бөлігінде ол сыртқы экономикалық байланыстардың ерекше шарттарымен анықталады. Валюталық тәуекелдер кредиттік немесе басқа да валюталық операцияларды жүргізу кезінде шетелдік бір валютаның басқа бір валютаға қатысты өзгеруі салдарынан валюталық шығындардың орын алуымен көрінеді.

Валюталық тәуекелдерді сақтандыру кезінде валюталық шығындардың болу қауіпі ерекше рөл ойнайды. Валюталық тәуекелдің негізінде валюта құнының өзгеруі жатыр. Өйткені келісімге отыру кезінде және қарызды өтеу кезіндегі валюта құны әртүрлі болуы мүмкін.

Валюталық тәуекелдерді сақтандыру кезінде әдетте қорғаныс ескертпелері қолданылады. Олар келісім жасасқанда келісім шарттар

ретінде екі жақтың келісімдерінде жазылып, келіссөз жүргізу процессінде қаралады.

Қорғаныс ескертпелері келесідей бөлінеді: валюталық ескертпелер, баға валютасының және төлем валютасының сәйкес келмеуіне байланысты ескертпелер, тауарлы-бағалық ескертпелер және форвартық операциялар.

Валюталық ескертпелер келісім ініне арнайы қосылып жазылады. Келісім шартқа сәйкес төлем эмасы валюта курсының өзгерісіне байланысты қаралуы керек.

Валюта құны мен валюта төлемі арасындағы сәйкессіздік формасындағы қорғаныс ескертпесінің мәні келесідей: егер валюта төлеміне қарағанда тауардың валюта құны немесе қарыз валютасы тұрақтырақ болса, онда жауапкершілік сомасы валюта ескертпесіне пропорционалды түрде өседі. Басқа жағдайда валюта ескертпесінің құны мен төлем валютасы ұқсайды, бірақ төлем сомасы төлем валютасының курсы ескертпе валютасына тәуелді етіп қойылған.

Тауарлы-бағалық ескертпе – бұл халықаралық экономикалық келісімдерге эксперттер мен кредиторларды инфляциялық тәуекелден сақтандыру мақсатында қосылған шарт.

Төлем валютасы бар форвартық келісімдер валюталық тәуекелдерді сақтандырудың бір түрі болып табылады. Форвартық валюталық келісім – бұл болашақта курс бойынша белгілі бір күнде басқа валютаға ауысуы керек валюта құнын анықтайтын келісім.

Валюталық тәуекелдерді сақтандыру бойынша форвартық операциялардағы қорғаныс ескертпелерінің мәні келесіде: коммерциялық ұсынысты ұсыну кезінде немесе келісімге қол қою кезінде экспортер келісім бойынша төлемдердің түсу кестесін біле отыра, алдын ала белгіленген форвартық курс бойынша оған түсетін болашақ валюта түсімдерін қайта табыстау туралы өзінің банкімен келісімге отыруы.

Арттыру бойынша хеджирлеу немесе сатып алулармен хеджирлеу шұғыл сатып алынатын келісімдер (форвартық немесе опциондар) бойынша биржалық операция болып табылады. Арттыру бойынша хеджирлеу болашақта мүмкін болатын валюта курсының көтерілуінен сақтану керек болған кезде қолданылады. Ол сатып алынатын құнды валюта сатып алынбастан бұрын анықтауға мүмкіндік береді.

Төмендеу бойынша хеджирлеу немесе сатуларды хеджирлеу – бұл шұғыл келісімдерді сатумен байланысты биржалық операция.

Төмендеу бойынша хеджирлеуді жүзеге асыратын хеджер болашақта валюта сатуды көздейді, сондықтан биржада форвартық

келісімді немесе опционды сата отырып, болашақта валюта курсының төмендеу мүмкіндігінен өзін сақтандырады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесідей қортындыға келуге болады:

1. Нарықтық қатынастардың ерекшеліктеріне байланысты сақтандыру кәсіпкерлерді тек стихиялық апаттардан ғана емес, сонымен қатар экономикалық конъюнктураның жағымсыз өзгерістерінен қорғайтын құрал болып табылады.

2. Нарықтық экономика жағдайында сақтандырудың өзі коммерциялық қызметтің саласы бола бастады. Сақтандырушы қандай да бір келісім жасаса отырып, тәуекелділіктің қандайда бір түріне жауапкершілік ала отырып, ең алдымен өзінің пайдасын ойлайды.

3. Коммерциялық тәуекелдерді сақтандыру тәуекелділігі жоғары сақтандырудың бір түрі. Бұл сақтандырудың объектісі сақтанушының коммерциялық қызметі болып табылады. Осы қызмет бойынша сақтанушы өндірістің немесе қызмет көрсетудің қандай да бір түріне ақшалай немесе басқа да ресурстарды сала отырып, белгілі бір уақыт аралығында пайда табуды күтеді.

4. Валюталық тәуекелдерді сақтандыру белгілі бір дәрежеде биржалық тәуекелдерді сақтандырумен ұқсас болып келеді, бірақ көп бөлігінде ол сыртқы экономикалық байланыстардың ерекше шарттарымен анықталады.

5. Валюталық тәуекелдер кредиттік немесе басқа да валюталық операцияларды жүргізу кезінде шетелдік бір валютаның басқа бір валютаға қатысты өзгеруі салдарынан валюталық шығындардың орын алуымен көрінеді.

12.6 Коммерциялық тәуекелдерді сақтандыру

Кәсіпкерлік қызмет және сақтандыру – нарықтық шаруашылықтың тығыз байланысқан категориялары. Ынталы және тапқырлар, сондай-ақ дәстүрлі емес шешімдерді іздейтіндер жетістікке қол жеткізеді. Сол үшін олар көптеген тәуекелдікке барады, бірақ тәуекелдікке барғандардың барлығы жетістікке қол жеткізе бермейді.

Кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру кәсіпкерлерді мақсатқа жету және пайда табу жолында кездесетін әртүрлі күтпеген жағымсыз әсер ететін жағдайлар мен факторлардан сақтануға бағытталған.

Нарықтық қатынастардың ерекшеліктеріне байланысты сақтандыру кәсіпкерлерді тек стихиялық апаттардан ғана емес, сонымен қатар экономикалық конъюнктураның жағымсыз өзгерістерінен қорғайтын құрал болып табылады. Сақтандыру бұл жағдайда нарықтық

қатынастардың әртүрлі қатысушыларының арасындағы қаржылық және заңнамалық байланыстарды реттеуге көмектеседі.

Кәсіпкерлік қызметтің негізгі мақсаты максималды пайда табу және кәсіпке салынған капиталды көбейту болып табылады. Осыған байланысты күтілетін пайданы жоғалту немесе болжамданған табысты түгел алмау жағдайында сақтандыру маңызды мәнге ие болады.

Нарықтық экономика жағдайында сақтандырудың өзі коммерциялық қызметтің саласы бола бастады. Сақтандырушы қандай да бір келісім жасаса отырып, тәуекелділіктің қандайда бір түріне жауапкершілік ала отырып, ең алдымен өзінің пайдасын ойлайды. Коммерциялық тәуекелдерді сақтандыру тәуекелділігі жоғары сақтандырудың бір түрі. Бұл сақтандырудың объектісі сақтанушының коммерциялық қызметі болып табылады. Осы қызмет бойынша сақтанушы өндірістің немесе қызмет көрсетудің қандай да бір түріне ақшалай немесе басқа да ресурстарды сала отырып, белгілі бір уақыт аралығында пайда табуды күтеді.

Сақтандырушының жауапкершілігі сақтанушының коммерциялық қызметті іске асыру кезінде пайда болған нарық конъюктурасының жағымсыз өзгерісі салдарынан және басқа да жағдайларға байланысты болған жоғалтуларды өтеуден тұрады.

Сақтандыру сомасы келесім бойынша жауапкершіліктің шегі ретінде сақтанушының өтініші бойынша анықталады. Сақтандыру сомасын екі түрлі тәсілмен белгілеуге болады. Бірінші тәсіл – сақтандыру сомасы сақтанушының сақтандыру операцияларына (келісім-шарт сомасы, келісім және т.б.) салған коммерциялық салымдардың аясында белгіленеді. Екінші тәсіл – сақтандыру сомасы тек сақтанушының коммерциялық салымдарымен ғана анықталмайды, сонымен қатар мүмкін болатын пайданы есепке ала отырып белгіленеді.

Сақтандырушының міндеті сақтанушының сақтандырылған операциялары белгілі бір уақыт ішінде пайда әкелмесе мүмкін болған жоғалтуларын өтеу. Сақтандырылған өтеу сақтандыру сомасы мен іс жүзіндегі қаржылық көрсеткіштердің арасындағы айырмашылық түрінде анықталады.

Сақтандыру сомасын белгілегенде қолданылатын тәсілдерге байланысты сақтандыру мазмұны өзгереді. Бірінші тәсілде шығындар мен нормативті пайда өтеледі, сондықтан оны пайданы (табысты) сақтандыру деп атауға болады.

Коммерциялық тәуелдіктерді сақтандыру бойынша жарна мөлшерлемесі көптеген факторларға байланысты: қызмет түрі, сақтандыру уақыты, нарықтық қатынастардың тұрақтылық деңгейі және

т.б. Әрбір сақтандырушының тәуекел жекеше болады, сондықтан төлем мөлшерлемесін де дифференциациялау керек.

Сақтандыру өтемдері сақтандыру уақытының аяқталуы кезінде сақтандырылған коммерциялық операциялардың нақты нәтижесі анықталғанда төленеді.

Бақылау сұрақтары

1. Сақтандыру әрекеті немен байланысты және олардың ерекшелігі қандай?
2. Инвестициялық тәуекелге жуық жіктеме беріңіз.
3. Тәуекелдің сыртқы және ішкі болып бөлінуі немен байланысты?
4. Тәуекелдің тұжырымы деген не?
6. Тәуекелді басқарудың негізгі мақсаты не?